

Науру мемлекеті



Download from
Dreamstime.com

This watermarked comp image is for previewing purposes only.



ID 92443118

© Kotist | Dreamstime.com

Науру Республикасы — Тынық мұхитының батыс бөлігіндегі бір аттас маржан аралында орналасқан ергежейлі мемлекет. Аумағы — 21,3 км²; халқы — 10 261 адам (2015^[2]). Тәуелсіздігі 1968 жылы жарияланды.

Науру аралы экватордан оңтүстікке қарай 42 км қашықтықта орналасқан. Ең жақын арал Банаба шығысқа қарай 288 км қашықтықта орналасқан және Кирибати республикасына жатады. Науру Жердегі ең кішкентай тәуелсіз республика болып табылады, ең кішкентай аралдық мемлекет, Еуропа шегінен тысқары ең кішкентай мемлекет және ресми астанасы жоқ әлемдегі жалғыз республика (елдің бейресми астанасы — Ярен қаласы, елдің парламенті және әуежайы орналасқан).

Мемлекет Ұлттар достастығына кіреді. 1999 жылдың 14 қыркүйегінде Науру Республикасы БҰҰ құрамына кірді. Науру — Тынық мұхит қауымдастығының хатшылығы және Тынық мұхит аралдарының форумы ұйымдарының мүшесі.



Тарихы

Шамамен 3 мың жыл бұрын

Науруды микронезиялықтар және полинезиялықтар мекендеген. Нұсқалардың бірі бойынша, Науру аралына алғашқы болып Бисмарк топаралынан қоныс аударушылар және меланезиялықтардың, микронезиялықтардың және полинезиялықтардың ыдырауына дейін праокеания халқының өкілдері келген.^[3] Дәстүрлі түрде арал тұрғындары өз шығу тегін шеше жағынан санаған.

Еуропалықтардың келуіне дейін Науру аралының халқы 12 тайпадан тұрған.

Еуропалықтар арасынан алғашқы болып Жаңа Зеландиядан Қытайға қарай бағыт ұстаған ағылшын капитаны Джон Фирн 1798 жылдың 8 қарашасында ашқан және аралға 90 жыл бойы жиі қолданылған «Жағымды» (ағылш. *Pleasant Island*) деген атау берді.^{[4][5]} Негізгі ауыл шаруашылық дақылдар ретінде кокос

пальмасы және панданус өсірілген. Наурулықтар рифте каноэмен және арнайы оқытыған құстармен (үлкен фрегаттар) балық аулаған. Сонымен қатар олар өзіне қосымша тамақтану көзі ретінде Буада көлінде ханос балығын (лат. *Chanos chanos*) көндіктіре алды. Балық аулаумен тек қана ерлер айналысқан.

Астында көрсетілген хронологияға тек қана еуропалықтардың Науру аралын ашқаннан кейін тарихи оқиғалар енгізілген.

Діни құрамы

Бүгінгі таңда Науруда негізінде христиандықтар тұрады. Наурулықтардың көбісі (60,5 % — 6098 адам) протестанттық шіркеулердің өкілдері болып табылады, соның ішінде 35,2 % (3552 адам) — Науру конгрегационалистік шіркеуінің өкілдері. Бұл шіркеудің Мененг, Буада, Анабар және Нибок округтерінде өзінің кішкентай шіркеулері орналасқан, ал басты шіркеуі Айво округінде. Құдай Ассамблеясынан сенушілер — 12,8 % (1291 адам), Наурудың тәуелсіз шіркеуінен — 9,4 % (945 адам). Елде адвентисттер, баптисттер және Иегова куәгерлерінің шағын топтары бар.^[1]

Науру тұрғындарының шамамен 32,5 % (3278 чел.) католиктік шіркеудің өкілдері болып табылады,^[1] оның Ярен округінде өз шағын шіркеуі, сонымен қатар Ева округінде мектебі (Кайзер колледж) бар. Тұрғындардың шамамен 5 % буддизм және даосизм діндеріне мойынсұнады, 2 % — баһаи. Наурундақтардың шағын тобы дәстүрлі сенімдерді (Эиджебонг (*Eijebong*) әйел құдайына және Буитани (*Buitani*) аралдың рухына табыну) ұстанады. Үкімет кейбір конфессиялардың қызметін шектейді, мысалы, Иса Мәсіхтің заманауи шіркеуі (мормондар) және Иегова куәгерлері (қолдаушылар негізінде Науру фосфат корпорациясында жұмыс істейтін шет елдердің азаматтары).^[15] 1979 жылы Науруға Маршалл аралдарынан келген Иегова куәгерлерінің миссионері елге қайта жіберілді.

1995 жылы шектеулердің бөлігі алынып тасталды.

